

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1996 жылғы 2 желтоқсандағы N 264 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2000 жылғы 17 наурыздағы N 126 Бұйрық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 13 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1111. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 469 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 469 бұйрығымен .

Б ұ й ы р а м ы н :

1. "Жергілікті бюджеттерде тұрған бюджеттік ұйымдарды қаражатты жұмсауға арналған лимиттерді белгілеу жолымен қаржыландыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1996 жылғы 2 желтоқсандағы N 264 V960231_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атындағы және 1-тармақтағы "жергілікті бюджеттерде тұратын бюджеттік ұйымдарды" деген сөздер "жергілікті бюджеттерінің есебінен ұсталатын, мемлекеттік мекемелерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жергілікті бюджеттерде тұрған бюджеттік ұйымдарды қаражатты жұмсауға арналған лимиттерді белгілеу жолымен қаржыландыру жөніндегі нұсқаулықта:

атындағы "бюджеттік ұйымдарды" деген сөздер "мемлекеттік мекемелерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "ұйымдарды" деген сөз "мемлекеттік мекемелерді" деген сөздермен ауыстырылсын:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жергілікті бюджеттер бойынша шығыстарды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 16 ақпандағы N 255 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге арналған бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын (мерзімді және жылдық) жүргізу жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес жасалған тиісті бюджеттердің кірістері мен шығыстарының тізімдемесі негізінде жүргізіледі;

3-тармақ алынып тасталсын;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстарын уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, жергілікті бюджеттің қалыптастырылуын және атқарылуын жүзеге асыруға жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген атқарушы орган (бұдан әрі - жергілікті қаржы органы) жергілікті бюджеттердің шоттарына іс жүзінде түсетін ақшаның сомасын, секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың көлемдерін, жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету және оны өтеу жөніндегі шығыстардың көлемдерін және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік қаржы бөлудегі айлық қажеттілігін ескере отырып, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісі бюджеттік бағдарлама, кіші бағдарлама және ерекшелік бойынша тиісті жергілікті бюджеттің шығыстарын қаржыландырудың ағымдағы лимиттерін айқындайды.

5. Қаржыландыру лимиттерінің негізінде жергілікті қаржы органы жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне 1МБР (1-қосымша) немесе 1 МБЗ (2-қосымша) нысаны бойынша қаржылық рұқсат жазып береді. Рұқсаттарда бірыңғай бюджеттік жіктеме кодтарына: бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне, бағдарламаға, кіші бағдарламаға және ерекшелікке сәйкес шығыстардың әрбір түрі бойынша бекітілген лимиттер айқындалады."

6 - т а р м а қ т а :

"немесе 1 МБР-СУБВ нысаны" деген сөздер алынып тасталсын;

"бюджеттік ұйымдарға" деген сөздер "мемлекеттік мекемелерге" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"ұйымдарға" деген сөз "мемлекеттік мекемелерге" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"немесе 1 МБЗ-СУБВ нысаны" деген сөздер алынып тасталсын;

"бюджеттік ұйымның өзіне" деген сөздер "Мемлекеттік мекеменің өзіне" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қаржылық рұқсаттар (1 МБР, МБЗ нысандары) үш данада толтырылады, біреуі жергілікті қаржы органында қалады және бір-бір данадан жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне және Қазынашылық комитетінің тиісті аумақтық органына жіберіледі."

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген көлемнің шегінде және кірістер мен шығыстар тізімдемесінің негізінде бюджеттік алулардың сомаларын облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджеттің кіріс шотына аудару

үшін облыстық, Астана және Алматы қалаларының Қазынашылық басқармаларының басшылары қолы қойған облыстық, Астана және Алматы қалаларының Қазынашылық басқармалары 1 МБЗ нысаны бойынша қаржылық рұқсат жазып береді және алулардың сомаларын мемориалдық ордермен заңдарда белгіленген тәртіппен облыстық, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің шотынан есептен шығарады. Бұл құжаттардың көшірмелері облыстық, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органына б е р і л е д і .

Бюджеттік алулар сомаларын тиісті қаржы жылына арналған тиісті жергілікті өкілді органдардың рұқсаттарында бекітілген көлемнің шегінде және кірістер мен шығыстар тізімдемесінің негізінде аудандардың және қалалардың бюджеттерінен облыстық бюджеттің кіріс шотына аударуды жергілікті қаржы органының басшысы қол қойған 1 МБЗ нысанының қаржылық рұқсаты және бюджеттік алуларды аудандық және қалалық бюджеттерден облыстық бюджетке аударуға арналған төлем тапсырысының негізінде Қазынашылықтың аудандық және қалалық басқармалары жүргізеді."

1 0 - т а р м а қ т а :

"Бюджеттік ұйым", "бюджеттік ұйымдарды" деген сөздер тиісінше "Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі", "жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қаржы органы бөлімі" деген сөздер "жергілікті қаржы органы";

1 1 - т а р м а қ т а :

"бюджеттік ұйым" деген сөздер "мемлекеттік мекеме" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бюджеттік ұйымдарға" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік мекемелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"облыстық, қалалық немесе аудандық қаржы органдары" деген сөздер "жергілікті қаржы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2 - т а р м а қ т а :

"бюджеттік ұйым" деген сөздер "жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ұйымдар" деген сөз "мемлекеттік мекемелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

"уәкілетті ұйымды" деген сөздер "жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Уәкілетті ұйым" деген сөздер "Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 3 - т а р м а қ т а :

"уәкілетті бюджеттік ұйым" деген сөздер "жергілікті бюджеттік

бағдарламалардың әкімшісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"облыстық (Алматы қалалық) қаржы басқармасының, қалалық немесе аудандық қаржы бөлімдерінің" деген сөздер "жергілікті қаржы органының" деген сөздермен ауыстырылсын,

14 - тармақта:

"бюджеттік рұқсат жазып берген уәкілетті бюджеттік ұйымдағы" деген сөздер "жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тиісті бюджеттік ұйымға және қызмет көрсететін банктің тиісті бөлімшесіне" деген сөздер "тиісті мемлекеттік мекемеге және Қазынашылық комитетінің тиісті аумақтық органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген Нұсқаулыққа 1-қосымшада:

1 - МБР нысанында:

"ұйымдарға" деген сөз "мемлекеттік мекемелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Облыстық (Алматы қалалық) қаржы басқармасының бастығы (Қалалық, аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі)" деген сөздер "Жергілікті қаржы органының басшысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 МБР "Қаржылық рұқсат" нысанын толтырудың тәртібінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын;

"1 МБР нысаны бойынша қаржылық рұқсатты жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне олар бюджеттік ақшаның лимиттерін ведомстволық бағыныстағы мекемелерге одан әрі бөлу үшін тиісті жергілікті атқарушы орган жазып береді. Әрбір мемлекеттік мекемеге жергілікті қаржы органы әзірлеген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығында көрсетілген жеке жеті мәнді код беріледі.";

үшінші абзацтағы "ұйымға" деген сөз "мемлекеттік мекемеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы абзац алынып тасталсын;

он екінші абзацтағы "қаржы органының" деген сөздер "жергілікті қаржы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Нұсқаулыққа 2-қосымшада:

1 МБЗ нысанында:

"Облыстық (Алматы қалалық) қаржы басқармасының бастығы (Қалалық, аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі)" деген сөздер "Жергілікті қаржы органының басшысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 МБЗ "Қаржылық рұқсат" нысанын толтырудың тәртібінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1 МБЗ нысанының қаржылық рұқсатын тиісті қаржы органы жазып береді. Осы орган қаржыландыратын әрбір мемлекеттік мекемеге жергілікті қаржы органы әзірлеген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығында көрсетілген жеке жеті мәнді код беріледі.";

үшінші абзақтағы "ұйымға" деген сөз "мемлекеттік мекемеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы абзац алынып тасталсын;

он екінші абзақтағы "қаржы органының" деген сөздер "жергілікті қаржы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Нұсқаулыққа 3-қосымшада:

2 МБ "Бюджеттік рұқсат" нысанын толтырудың тәртібінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мекемеге бюджеттік рұқсаттар өздерінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері үшін жазып беріледі. Әрбір мемлекеттік мекемеге жергілікті қаржы органы әзірлеген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығында көрсетілген жеке жеті мәнді код беріледі.";

үшінші абзақтағы "ұйымға" деген сөз "мемлекеттік мекемеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы абзац алынып тасталсын;

көрсетілген Нұсқаулыққа 4-қосымшада:

3 МБ "Лимиттің бөлінуін бақылау карточкасы" нысанын толтырудың тәртібінде:

"ұйымдар", "ұйымдарды" және "бюджеттік ұйымға" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік мекемелер", "мемлекеттік мекемелерді" және "мемлекеттік мекемеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Нұсқаулыққа 5 және 6-қосымшалар алынып тасталсын;

1 МБР-СУБВ "Қаржылық рұқсат" нысанын толтырудың тәртібі және 1 МБЗ-СУБВ "Қаржылық рұқсат" нысанын толтырудың тәртібі алынып тасталсын.

2. Осы бұйрық ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қаржы министрі